



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 13 MAУCЫM, 2024 ЖЫЛ №65 (23 387)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

## Жастар жұмысқа кірісті

Кеншілер шаһары жыл сайын көркейіп, құлшырып келеді. Оған осы қалада құрылған «Жасыл ел» қозғалысына қатысушы жастардың қосып жүрген үлесі зор. Елімізде 2005 жылы қолға алынып, жүзеге асырыла бастаған бұл бағдарлама аясында оқушылар мен студенттерді, жұмыссыз жастарды маусымдық ақылы жұмыстарға тартады. Олардың бос уақыттарын тиімді пайдалану арқылы елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, өз аймақтарында экологиялық және тазалық жағдайын жақсарту көзделген.



Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XX еңбек маусымының ашылу салтанаты өтті.

– Баршанызды биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XX еңбек маусымының салтанатты түрде ашылуымен құттықтаймын! Қымбатты «Жасыл ел» сарбаздары, жылдан-жылға қатарларыңыз толығып келеді. Биыл 3000 сарбаз біздің қаламыздың абағандыру, гүлдендіру жұмысына қатысады. Сіздердің еңбектеріңіз сүйікті қаламыздың көркеюіне ықпал етеді, – деді «Жасыл ел» жобасының жетекшісі Алтынғөре Буенов.

Салтанатты шара барысында «Жасыл ел» сарбаздарымен кездесу өтіп, маусымдық жұмыс барысында орындалатын міндеттер мен қауіпсіздік ережелері бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Маусым айында 700-ге жуық сарбаз жұмыс істейді. 3 ай ішінде барлығы 2000 сарбаз жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Жастардың еңбек етулеріне барлық жағдай жасалған, жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген.

«Жасыл ел» сарбаздары қалалық саябақтар мен алаңдарда, сондай-ақ, білім беру ұйымдарының аумақтарында көгалдандырумен айналысады.

Аружан СЕРІКБАЙ,  
Қарағанды зерттеу университеті  
журналистика бөлімінің II курс студенті  
Сурет ұйымдастырушылардан

## Көп бидай Ақ бидайға жете ме?

Әр ұлттың тұрмыс-тіршілігіне қатысты туындаған, пенде талас тудыра алмайтын бірегей дүниелері бар. Ол өзгеде болмауы бек мүмкін. Өйткені бір халыққа ғана тән. Оның басқа да баламасы бөтенде кездесуі ғажап емес. Бірақ, оның түпнұсқасы туған топырағында екені шүбәсіз. Мұны неге айттық? Қазақтың қазанаты, ақбасы, еділбайы дәп сондай. Бұл – түлікке тікелей байланыстысы. Ал, дәнді дақылда Ақтоғайдың Ақ бидайы – аңыз. Ақ бидай туралы түп-тура осыдан төрт жыл бұрын сүйіншілегенбіз. Тірі екенін айтып, төрт тарапқа жар салғанбыз. Содан бері табанды төрт жыл өткенде қазығын айналған аттай қайта айналып соққалы отырмыз. Себебі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке егін шаруашылығына маңызды реформа жасау қажеттігін, егін түрлерін көбейтуді тапсырғаны мәлім. Егін түрі дегенде, ауызға Ақ бидайдың ілігуі содан да. Екі ғасыр бұрын атырапқа аты жайылған Ақ бидай астықтың – төресі еді. Қазіргідей қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда Ақ бидай да реформаны күтеді...

Қызғалақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Президент пәрмені һәм Ақ бидай

Көзі қаракты оқырманның есінде, әлде есінде емес. Ақ бидайды Ресейден тауып, туған жердің топырағына алып келген ғалым Шүкірбай Төкеевтің еңбегі туралы жазғанбыз.

«...Ақ бидай...» тірі! деуіміз – бос айғай-сүрең емес. Кейінгі 3-4 жыл мұғдарында Ақтоғай ауданында ветеринария ғылымдарының кандидаты Шүкірбай Төкеев ақ бидайды іздеп тауып, оны зерттеумен айналысып отыр. Ғалымның айтуынша, бүгінде қолға түскен тұқымның зертханалық сараптамасы оның дәл сол байырғы «Ақ бидай» екенін дәлелдеген. Құрамы, өзге де ғылыми өлшемдері, гендік құрылымы мұның сол аңыз бидай екенін айғақтапты. Егілген дәннен шыққан масақтарда «Ақ бидайдың» қасиеті қайталануда дейді» ғалым.

– Алынған тұқымды биыл да ектік. Бұл егісте де «Ақ бидайдың» қасиеті қайталанып тұр. Бір дәннен бес бас шықты. Яғни, бір дәннен бес масақ шығады. Мен әуеліде ел ішінде «Бес бас бидай» дегенді естігенде «Бұл неге олай аталды?» деп ойлайтынмын. Мұны енді түсіндім. Демек, бір дәннен бес бас масақ шығып отырған. Содан халық «Бес бас бидай» деп атаған болуы керек. Егіннің шығымдылығы көп болатыны да осыдан. Жай бидайдың бір дәннен бір сабақ қана шығады, әдетте, – дейді Шүкірбай Төкеев. Былтырғы дән айтарлықтай үлкен болмапты. Өйтсе де, шығымдық қасиеті «Ақ бидайдікімен» пара-пар көрінеді» дегенбіз.

Әлбетте, Ақ бидайдың ерен қасиеті туралы тарихи деректер ашық ресурстарда да, ғалымдардың дерегінде де молынан. Өзіміз тұрмақ, Ресейдің ғалымдары танданыстарын әлі күнге жасырмайды. Тіпті, Кеңес одағы кезінде



Суретшік деректерден

арнайы іздеп, Тоқырауын бойын тігінді кеткендері қаншама.

«Академик Д.Н.Прянишников (1865-1948) о коунрадских (тоқырауских) сортах сооциал следуююще: «Сто зерен французской пшеницы весят 4,55 грамма, ост-индской – 3,8 грамма, американской – 3,2 грамма, русской – 2,85 грамма. А 100 зерен коунрадской пшеницы Ақбидай весят 6,2 грамма и Кожебидай – 4,5 грамма. Ақбидай дает от 7 до 25 побегов в кусте, число зерен в колосе – от 52 до 120, средний урожай от посеянного пуда – 50-60 пудов. Пшеница Кожебидай дает 30-55 побегов (встречаются отдельные кусты с 75 побегами, зерен в колосе – от 32 до 60, средний урожай с га – 60-70 пудов). В 1916 г. заведующий переселенческим районом свидетельствовал о том, что в долине Тоқырауын казахами собирается до миллиона пудов хлеба» деп жазады Ресей ғалымдары.

Арқаның брендіне айналған Ақ бидайға мемлекет тарапынан кең қолдау қажеттігін төрт жыл бұрын тілге тиек еткен едік. Президент тапсырмасынан соң Ақ бидайға қайта айналып соққан жайымыз содан.

«Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ, көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Дикандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн» деген болатын Президент Халыққа Жолдауында. Демек, Ақ бидайды жарыққа алып шығар күн туды. Әлбетте, Қазақстан бидайдың сан алуан сортынан құр алақан емес. Десек те...

### Қарағанды – өндірісті ғана емес, аграрлы аймақ

Қарағандының аграрлы аймаққа айналуға әлеуеті тәуір. Климаттық жағдайлары өндіріске иек артпай, ауыл шаруашылығы, соның ішінде, дәнді дақылдарды өсіруге мүмкіндік барын жоққа шығармайды. Табиғи-климаттық әрі географиялық жағдайы дәнді дақылдарды, картоп пен көкөністерді өсіру, мал шаруашылығын дамыту үшін оңтайлы екені әлдеқашан-ақ дәлелденген. Сондықтан да, облыс – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу бойынша Қазақстанның жетекші өңірлерінің бірі.

Мәселен, соңғы жылдары егістік алқаптардың құрылымын әртарапандыру арқылы сұранысқа ие дақылдардың алқаптары ұлғайды. Бидай, майлы дақылдар, картоп көптеп егіледі.

4-бет

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне  
2024 жылдың II жартыжылдығына  
жазылу науқаны жалғасуда.  
Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта  
байланысының барлық бөлімшелерінде,  
сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТГ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТГ

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.  
Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89  
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

## Мың шақырымдық экомарафон

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында, сонымен қатар, халықтың эко мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды дәрiштеу мақсатында Ақмола, Жамбыл, Алматы облыстарында экомарафон ұйымдастырылды. Бұл ауқымды шараға қатысушылардың арасында Қарағанды облысы да бар. Игілігі мол сапар «Amanat» партиясы облыстық филиалы ғимаратының алдынан басталды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймағымыздың эко белсенділері «Amanat» партиясы облыстық филиалы ғимаратының алдында жиналды. Олар әуелі Шет ауданына бармақ. Содан кейін Балқашқа қарай ат басын бұрады. Тазалық жұмыстары жүргізілетін аумақтар алдын ала бекітілген. Өңірдің экологиялық ахуалына бейжай қарамайтын белсенді азаматтар Қарағанды мен Балқашты жалғап жатқан республикалық маңызы бар тасжолдың бойын жинап өтеді. «Amanat» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков мұндай шараның тәрбиелік мәні зор деп отыр.

– Бұл эстафетаны Осакаров ауданында Ақмола облысының еріктілерінен қабылдап алдық. Олар Қарағанды мен Елорданы жалғап жатқан республикалық маңыздағы тасжолдың бойын жинап келді. Астанадан бері шыққан еріктілердің саны 250-ден асып



жығылады. Мұндай белсенділік – баршамызға үлгі. Осакаров ауданының аумағындағы тасжол бойынан 13 тоннадан астам қоқыс жиналды. Қоқыс аудандағы полигонға жеткізілді. Эстафетаның ең ұзыны біздің аймақта болмақ. Еріктілерімізге 700 шақырым жүк-теліп отыр. Осакаровтан Қараған-

дыға, Қарағандыдан Шетке жол жүрмекіміз. Шет ауданынан соң Балқашқа барамыз. Балқаштан әрі Приозерскке дейін жетеміз. Содан соң эстафетаны Жамбыл облысына табыстаймыз. Біздің аймақтан мыңға жуық ерікті қатысады деп болжап отырмыз. Осы акцияны қолдаған жергілікті атқарушы



билікке, ізгі ниетті азаматтарға зор алғыс білдіреміз! Бұл акция тек қоқыс жинаумен ғана шектелмейді. Жолымызда кезіккен елдімекендердің азаматтарымен кездесу өткізіп, эко мәдениет қалыптастырудың мәні мен маңызы хақында келелі ой қозғайтын боламыз. «Қоқыс тапсырып, сыйлыққа не бол!» деген ауқымды жоба іске асырылуда, – деді Бекзат Алтынбеков.

Бұл жоба Қарағандының орталық саябағындағы сенбілікте жемісін беріпті. Партия филиалының төрағасы тұрғындар белсенділік танытқанын айрықша атап өтті.

Ауа райы күрт бұзылған жағдайда акция уақытша тоқтатылады екен. Жетекшілердің сөзінше, еріктілердің денсаулығы мен қауіпсіздігі – бірінші орында. Облысымыздағы акция негізінен бір аптаға жоспарланған.

Сурет ұйымдастырушылардан



## «Қыс шананды жаз сайла»

Арқаның жазы – қысқа, қысы – ұзақ. Жан-жағына қарап үлгермейінше, қылышын сүйретіп қыс келеді. Ал, қыстың қамын жаз ойлап, қамданбасаң, қақаған аяз бен үскірік боранда сан соғып қалатыныңыз анық. Сондықтан да, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев алдағы жылу кезеңіне дайындық жұмыстарын жіті тексеруді әлдеқашан бастап кеткен. Аймақ басшысы жуырда Теміртау қаласындағы ҚарГРЭС-1-ге барып, арнайы кенес өткізді.



Теміртаудың жылу жүйесі облыс басшылығының ұдайы назарында. Қазіргі уақытта жалғыз металлургия мекені ғана емес, басқа да қалаларда да жылу энергетикасының тозығы жеткені баршаға мәлім. Дегенмен, көктем шыға қысқа дайындық қарқын алатыны белгілі. Биыл да аймақтың әр өңірінде жылу жүйесін жаңғырту, жөндеу жіті қолға алынып, қадағалау да күшейтілген. Бұл қатарда Теміртау қаласы да бар.

Металлургия мекені кейінгі жылдары қыстан қысылып жүргені рас. Қыруар қаражат пен тынымсыз жұмысты талап ететін бұл жүйеде ақау болмауы тиіс. Әйтпесе, қыс – қатал сыншы.

Металлургия шаһарындағы Электр станциясында екі қазандық (№9 және №11) және бір турбогенераторды (№8) ауқымды түрде жөндеуден өткізу жоспарланған. Сонымен қатар, №10 қазандық та күрделі жөндеуден өтпек.

Белсенді түрде жүргізіліп жатқан жөндеу науқаны туралы

аймақ басшысына ҚарГРЭС-1 директоры Сергей Кривов егжей-тегжейлі баяндап берді.

– №9 қазандық агрегаты бойынша атқарылған жұмыстар 86 пайызды құрайды. Қазандықты 17 маусым күні іске қосу жоспарланып отыр. Содан кейін бу құбыры мен қосалқы жабдықты ауыстыру үшін №11 қазандықты тоқтатамыз. Биылғы жылыту маусымына біз екі қазандықпен кіруге бел буып отырмыз, – деді Сергей Кривов.

Бұдан бөлек, қажетті отын қорын толықтыру жұмысы жалғасуда.

– Жылыту маусымына дайындықтың ерте басталғанын көріп қуанып отырмыз. Өйткені, былтыр қыста көрші облыстарда жылыту жұмысындағы ақаулардан судың қатып қалуына алып келгені бәріміздің есімізде. Қараша халық уақытылы атқарылмаған жұмыстың кесірінен қыстың көзі қырауда үйін жылыта алмай қиындыққа тап болды.

Мұндай жағдай күтпеген жерден орын алуы әбден мүм-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

кін. Сол себепті, «Қоғалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алмай» атқарылуы тиіс жұмысты сапалы әрі тиянақты атқарып жатқаны өте құптарлық іс. «Қыс шанамызды жаз сайласақ», қыстан қысылмай шығып, көктемге күлімдеп жететіміз сөзсіз, – деп өз ойымен бөлісті қала тұрғыны Ерболат Ерболұлы.

Бүгінгі таңда ҚарГРЭС-1 ескі қала тұрғындарын жылу энергиясымен қамтамасыз етіп отыр. Электр станциясының үздіксіз жұмысына 86 үйдің тағдыры тәуелді екенін де айта кету керек.

Сондықтан да, бұл бағыттағы жұмыстардың уақытылы аяқталуы және сапалы жасалуы аса маңызды.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## Зиянкес жәндікпен күрес тоқтамайды

Облыс аумағында егінге қауіп төндіретін шырылдауық шегірткелердің қаптап кету қаупі жоқ, жағдай – бірқалыпты. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, шегірткенің көбеюіне қарсы алдын алу шаралары қабылданды. Нақтырақ айтсақ, зиянкес жәндікке қарсы егістіктерде уақытылы химиялық өңдеу жүргізу – аса маңызды. Бұл жұмыстар ретімен жүргізілетін болады.

Аймақтағы ахуалды бақылау және мониторингілеу үшін облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов басқаратын жедел штаб қарқынды жұмыс атқарып жатыр.

Бұқар жырау ауданында аталған штабтың көшпелі отырысы өтті. Қазіргі жағдай және қабылданып жатқан шаралар туралы ведомстволардың басшылары рет-ретімен баяндады. Үйірлі шегіртке мен басқа да өсімдік зиянкестерінің түрін анықтау мақсатында тексеру жүргізіледі. Сонымен қатар, өңдеу жұмысына қатысатын техника түрлері таныстырылды.

– Биыл шегіртке тектес зиянкестеріне қарсы өңдеу жүргізілетін алаңның ауқымы ұлғайтылды. Жоспарланған 112 мың



Сурет аймақтың сайтынан

гектардың шамамен 30 мың гектарын авиация арқылы мемлекет қаражаты есебінен, қалған 82 мың гектарын ауыл шаруашылығы құрылымдарының өз қаражатына әуе және жер үсті тәсілімен өңдейтін болады. Бұл жұмыстар жеті ауданда басталып, ретімен жүргізіледі, – деп атап өтті ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин.

Өңдеу жұмысына жеңіл авиация және жер үсті бүріккіш

құрылғылары жұмылдырылады деп жоспарланып отыр.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, нақты жұмыстарды уақытылы жүргізу үшін барлық қажетті заттар, оның ішінде, пестицидтер қоры қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық-өнеркәсіптік кешен мемлекеттік инспекция комитеті облыстық бөлімшесінің басшысы Жасұлан Ешмұханов



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

### • ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## «Қазақмыс» пәтер тарту етті

Көп жылдан бері «Қазақмыс» компаниясы өз қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше назар аударып келеді. 2019 жылдан компаниядағы әлеуметтік осал санаттағы қызметкерлерді, оның ішінде, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеуде көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асыруда.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында Балқашта тағы бір көпбалалы отбасы қоныстойын тойлады. «Kazakhmys Maintenance Services» ЖШС қызметкері Жақан Куликовқа төрт бөлмелі пәтердің кілтін табысталды. Пәтерді табыстауға қатысқан «Балқаштүстімет» ОБ бас директоры Бауыржан Баймұханов отбасына ізгі тілегін арнады.

Жақан Асқарұлы «Kazakhmys Maintenance Services» ЖШС Саяқ сервистік учаскесінің жабдықтарына жолдайды. 19 жылдық еңбек өтілі бар азамат Саяқ кенішіндегі еңбек жолын 2005 жылы бастаған. Кеніштің теміржол учаскесінің жол монтері, желілер мен қосалқы станциялар цехының электромонтері, тепловоз машинисінің көмекшісі, тепловоз машинисі, кеніштің теміржол учаскесінде пойыздарды құрастырушы болған.

2016 жылдан «Балқашсервис» сервистік кәсіпорындарында «Kazakhmys Maintenance Services» ЖШС тау-кен шахта жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бойынша слесарь. Бүгінде Жақан Куликов жұбайымен бірге төрт бала тәрбиелеп отыр. Олардың бірі – ерекше қажеттілігі бар бала.

Кейінгі жылда «Қазақмыс» компаниясында жұмыс істейтін төрт және одан да көпбалалы және ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған 280 отбасыға пәтер бергенін айта кеткен жөн. Олардың ішінде, «Қазақмыс» компаниялар тобының өндірістік алаңдарында жұмыс істейтін балқаштық 32 отбасы бар.

Б.АЛҚАШ

### • БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## Ұры жоқ деменіз...

Жаз басталса, қалада ұрлық та көбейеді. Бірақ, қараусыз қалған мүлікке қырғидай тиетін ұрыларға кінә де жоқ. Көп жағдайда тұрғындардың өздері бейқамдық танытады. Биыл Қарағанды қаласының аумағында 1861 мүлік қылмысы тіркелген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ерлан Есенбеков мәлімдеді.

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұрлық орын алғанына қарамастан, Ерлан Төлеуұлы өткен жылмен салыстырғанда қылмыс саны азайғанын да айтады. Мәселен, биыл жеке мүлікті ұрлау 15 пайызға азайған. Одан бөлек, пәтер тонау да өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға төмендеген.

– Қаланың Михайлов бөлігіндегі Киров секторының аумағында кілт таңдау арқылы бірнеше рет пәтерге түскен Теміртау қаласының 30 жастағы тұрғынын Қриминалдық полиция қызметкерлері ұстады. Қазір оған қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды, – дейді Ерлан Есенбеков.

Полиция подполковнигі пәтер ұрлығы көп жағдай облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде жиі орын алатынын айтады. Себебі, құрылыс қарқынды

жүріп жатқан осы бөлікте жаңа пәтер сатып алушылар жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін еш күмәнданбастан кілтті жұмыскерлерге береді. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан соң құлыпты айыр-бастамастан, қоныстанып алады. Біраз уақыттан соң дәл осы пәтерлер тоналады.

– Әрине, жөндеу жұмыстарын жүргізетіндердің барлығы арам ойда деп айта алмаймыз, дегенмен, арасында бар. Олар пәтер иесіне біндірместен, кілттің екінші нұсқасын жасатып алады. Сондай-ақ, пәтер иелері кілттерін үшінші адамдарға береді, тіпті, ұмытшақтықтан, есікте қалдыруы да мүмкін. Одан бөлек, ешкім көрмейді деп, есік алдындағы кілемше астында, пошта жәшігінде қалдыратындар да бар, – дейді Ерлан Төлеуұлы.

Пәтер ұрлығынан сақтанудың бірден-бір жолы – пәтер иелерінің өздерінің қырағылығы. Сыртқы бақылау бейнекамераларын орна-



Коллекция жасаған А.Рахымжан

ту да ұрлықтың алдын алмақ.

Ерлан Есенбеков авто-мото көлік құралдарының ұрлығы өткен жылмен салыстырғанда 31 пайызға азайғанымен, әлі де бар екеніне тоқталды. Бірақ, биылдың өзінде бес көлік жымқырып үлгерген адамдар тобы ұсталған.

– Жедел-іздістіру шарасын өткізу барысында қриминалдық полиция қызметкерлері қылмыстық топты ұстады. Олар көліктерді ұрлау және айдап кетумен айналысқан. Қазір қылмыскерлер уақытша ұстау изоляторында,

кінәларын мойындады, – дейді Ерлан Есенбеков.

Қазір көлік иелері автокөліктерін ақылы күзетілетін автотұрақтарда емес, көп жағдайда көшелерде, болмаса, тұрғын үйлердің аулаларында қалдырады. Сондай-ақ, қауіпсіздік жүйесінің болмауы, көшелер мен аулаларда жарықтың жеткіліксіздігі, есіктердің ашық қалуы автокөлік ұрлануының негізгі себептері.

– Бұрынғыдай емес, қазір қалада көлік саны да көп. Демек, ақылы автотұрақтар мен гараждарға де-

ген сұраныс жоғары болса керек. Бірақ, көлік көбейгенмен, олардың саны өзгеріссіз. Оның үстіне, тұрғындар да шығындалғысы келмей, көліктерін күзетілмейтін жерде қалдыра береді. Бұл ұрыларға өте қолайлы, – дейді полиция подполковнигі.

Ұрылардың қызығушылығын арттыратын тағы бір мүлік – ол велосипед. Жыл басынан бері Қарағанды қаласының полиция басқармасына велосипеді қолды болғандардан 29 арыз түссе, оның бесеуі анықталған.

Жалпы, велосипед Қазыбек би ауданында көп ұрланады. Дәл осы ауданда биыл 29 көлік ұрланса, Әлихан Бөкейхан ауданында небары 8 велосипед қолды болған.

Велосипед, негізінен, күндіз, яғни, таңғы сағат оннан кешкі сегізге дейін ұрланады. Ұрылар кіреберістерінен, баспалдақ алаңдарынан құлыпсыз тұрған велосипедтерді алып кетеді. Мысалы, биыл баспалдақ алаңынан – 21, гараждан – 1, көшеден – 7 көлік ұрланды. Біз велосипед иелерінен құлыптарды орнату, велосипедтерді үйлердің кіреберістерінде қараусыз қалдырмау сияқты қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдауды сұраймыз, – дейді Ерлан Есенбеков.

Бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу бойынша бейнеролик әзірленіп, Қарағанды қаласының көшелерінде орнатылған жарнамалық телевизиялық баннерлерде жарияланады. Соған қарамастан, мұкін ұрлатқандар да, ұрылар да бар.

– Қылмыскерлер бөтеннің мүлкін ұрлау үшін түрлі әдістерді қолданады. Біз, полиция қызметкерлері қоғаммен белсенді түрде жұмыс істеп, азаматтарды күдікті адамдар туралы хабарлауға шақырамыз, – дейді Ерлан Есенбеков.





• ДІН – ДИҢГЕК

# Құрбан айт – мейірім мерекесі

Барша мұсылман елдерінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан айтулы мереке – Құрбан айтқа да санаулы күндер қалды. Әрбір мұсылман бұл қасиетті күндерді асыға күтіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, жағдайы жеткен адам құрбан шалып, мұқтаж адамға құрбандық етін таратып, қуанышқа бөлейді.

Ислам дінінің басты мерекесі саналатын Құрбан айттың шежіресі ерте заманнан бастау алады. Muftuat.kz сайтында жарияланған «Құрбан айт – ұлық мереке» деп аталатын мақалада мейрамның тарихы жөнінде мынадай мәлімет берілген: жалпы, «Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті көрсететін мейрам.

Біздің ата-бабамыз шариғат шарттарын қатаң сақтап, Құрбан айтты ерекше дайындықпен қарсы алған. Сондықтан, ұлық мейрамда бізде шариғат бекіткен шеңберден шықпай, адамдарға жақсылық жасап, сауапты істерге себепті болған абзал.

Шындығында, Алла Тағала біздің шалған құрбандарымыздың ағызылған қанына немесе етіне мұқтаж емес. Біздің шалған құрбандарымыздың еті немесе қаны Алла Тағаланың құзырына жетпейді. Қасиетті Құранда «Ұмытпандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге орнаған тақуалықтарын» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Яғни, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды. Бірақ, біздің оның әмірін орындауымыздағы ықыласымыз бен ниетіміздің Алла Тағалаға жетіп, ризашылығына себеп болары сөзсіз.

Қазақтардың алғаш Құрбан айтты тойлауы туралы ақпараттар XIX ғасырдағы орыс жазбаларында кездеседі. Тарихи құжаттарға жүгінетін болсақ, қазақ жерінде 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген.

– Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбан айт күнін мереке тұтуға бұйыртқан. Бұл күнді Алла тұтас үмбет үшін мереке қылды» – деген. Ұлық мереке – мұсылман адамдардың береке-бірлігінің ұйытқысы. Ағайын арасындағы туыстықты, өзара ынтымақты нығайтатын айрықша мереке. Сонымен қатар, бұл мейрамның ұлттар мен ұлыстардың басын қосып, береке-бірлікке шақырудағы орны ерекше. Аталған мерекеде мұсылман қауымы Алла разылығы үшін құрбан шалып, сонау Ибрагим пайғамбардан бастау алатын ұлық ғибадатты жасайды. Айта кететін жайт, кейбір адамдар құрбандықты Арапа күні шалады, шариғат шарты бойынша оны шалудың уақыты Құрбан айттың алғашқы күні айт намазынан басталып, үшінші күнінің ақшам намазына дейін жалғасады. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбандық шалса, қайтадан шалсын», – деп айт намазынан бұрын шалынған малдың құрбандыққа жатпайтынын қатаң ескертті, – деді облыстың бас иманы Естай Айтұғанұлы.



Сурет: Шығ. Дербекханов

Қазақтың әдет-ғұрпында айттық беру дәстүрі бар. Мұсылман қауымы үшін қадірлі саналатын айт күндері үлкендер кішілерге айттық ұсынады. Бұл жөнінде Зейнеп Ахметованың «Құретамыр» кітабында тарқатылып жазылған: «Айтқа балалардың жақындарынан айттық сұрауы еш мін емес, қайта жөн болады. Әсілінде, үлкендер айттықты сұратпай өздері береді. Балаларды қуантып мерекенің мерейін асырады. Осылайша адамдардың бір-біріне деген ізет-құрметі, ілтипаты еселене түседі». Жасы кішінің де айттық беретін тұсы бар. Мысалы, қыздар әкелеріне, ағаларына тақия тігіп, беторамал кестелеген. Сыйлық шағын болса да, елеп-ескерілген. Жас жұбайлар да өз ара-

сында айттық беріскен. Жақсы көріп жүрген қызына сезімін білдіре алмаған жас жігіттің де батылданатын тұсы осы Айт күндері болған деседі.

Әр жыл өткен сайын Құрбан айт мерекесінің қадір-қасиетін тереңінен сезініп, құрбандық шалатын жандардың қатары көбейіп келеді. Мұсылман қауымы ерекше ұлықтайтын бұл мерекенің мәні мен маңызы сонда.

**Әлішер СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
**Е.Бөкетов атындағы**  
**Қарағанды зерттеу университеті**  
**филология факультетінің II курс**  
**студенті**

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Инва орталық көмекке дайын

Қарағандыда мүгедектер арбасын жөндеу және қызмет көрсету бойынша алғашқы инва қызмет көрсету орталығы ашылды. Енді проблемалар туындаған жағдайда сырттан маман іздеудің қажеті жоқ. Қызмет көрсету орталығында олар қажет нәрсенің бәрін тегін жасайды. Егер жөндеу кешіктірілсе, олар уақытша пайдалануға басқа арба береді.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мүгедектер арбалары – мобилді болуға мүмкіндік беретін жалғыз көлік құралы. Егер ол бұзылса, айтарлықтай қиындықтар туындайды. Бұрын маған арбамның электронды бөлшектерін жөндеу үшін оларды Ресейге жіберуге тура келетін.

Бұл ұзаққа созылып, ыңғайсыздық тудыратын. Кішігірім жөндеу жүргізу керек болса, көбіне дөңкерлеушілерге немесе шиномонтаж шеберлеріне жүгінетінмін. Бірақ, барлығы дерлік келісе бермейді, – дейді облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Нияз Сүндәтәлиев. – Өткен жылы мүгедектігі бар адамдардың атынан мен аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаева қалада сервистік орталық ашуды өтініп, жүргізілген болатынмын.

Міне, біздің өтінішімізге құлақ түрді. Енді, біз мұнда жөндеуге келеміз немесе шеберді үйге шақыра аламыз.

Сервистік орталық жыл сайын 300-ге дейін мүгедектер арбасын жөндейді. Ақауларды анықтап, дереу жөндеумен

айналысады. Сондай-ақ, шеберханада құрғақ тазалауға, я жаңа орындық тігуге тапсырыс беруге болады. Кеңес берушілер арбаға қалай күтім жасау керектігін және оның қызмет ету мерзімін ұзартуды үйретеді. Инва ТҚКО мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыспен жұмыс істейді.

– Қызмет көрсету орталығында мүгедектігі бар адамдар арбасыз қалудың



кандай болатынын өз басынан өткерген, мүмкіндігі шектеулі шеберлер жұмыс істейтін болады. Біз барлығы 12 адамды



жинадық, оның сегізі – мүмкіндігі шектеулі жандар. Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуден бөлек, бізде арбаны дұрыс таңдау қызметі де бар.

Сондай-ақ, мамандарымыз қажет болған жағдайда клиенттерге цифрлық қызметтерді алуға көмектеседі. Бұл біздің екінші филиалымыз, біріншісі сегіз жыл бұрын Астанада ашылған, жақсы жұмыс істеп жатырмыз, – деді «ДОС» Тәуелсіз өмір» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дина Есілдинова.

Ашылу салтанатында сыйлықтар да болды. Сервистік орталықтың құрылтайшылары параармрестлингтен әлем чемпионы Никита Ермаковқа және ерекше баланың анасы Гүлizar Ахметоваға екі заманауи мүгедектер арбасын табыс етті.

– Мен жалғызбасты анамын. Батыр

есімді 12 жастағы ұлымды тәрбиелеп отырмын. Бала кезінен сал ауруымен ауырады. Жақында біздің кіреберісте тұрған қымбат арбамызды бүлдіріп кетті.

Мен бұл туралы әлеуметтік желілерде жаздым, көптеген жақсы адамдар кол ұшып созуға дайын екенін айтып жатты. Есімін айтқым келмеген бір меценат бізге серуендеуге арналған жаңа арба сыйлады. Ал, бүгін қоғамдық бірлестік үйде қолданатын тағы бір арба сыйлады, – деді Гүлizar Ахметова.

Инва ТҚКО Тәттімбет көшесі, 709 мекенжайында орналасқан. Келесі телефон нөмірі арқылы жөндеуге жазылуға немесе үйге шеберді шақыруға болады: 87089596119

Сурет ұйымдастырушылардан

# Көп бидай Ақ бидайға жете ме?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауыл шаруашылығы басқармасының дерегінше, былтыр дәнді дақылдарды жинау алқабы 993,2 мың гектарды құрады. Бұл – алдыңғы жылғы деңгейден 73,3 мың гектарға көп. Оның 813,4 мың гектары – бидай. Бұл 2023 жылғы деңгейден 62,5 мың гектарға артық. Арпасы – 60 мың гектар, сұлы – 13,7 мың гектар және масақ қоспасы – 6,4 мың гектар көлемінде. Былтыр 966,3 мың гектар дәнді дақылдар алқабынан гектарына 6,8 центнерден 652,9 мың тонна астық бастырылды.

**Сұрып көп,**  
**Ақ бидай – жалқы**

Жалпы, Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімінде ауыл шаруашылығы дақылдарының 2613 түрі тіркеліпті. Оның отандық селекциясы – 822 сорт, шетелдік селекциясы – 1733 сорт, шетелдік селекциямен бірге 58 сорт бар көрінеді. Ал,

ашық дереккөздегі мәліметтер елде тек бидайдың 29 сортының аудандастырылғанын айтады.

Негізі, әлемдік нарықта Қазақстан астық, бидай өндіруші ретінде танымал. Жасырары жоқ, дәнді дақылдарға басымдық КСРО кезінде қалыптасқан. Оның елдің азықтүлік қауіпсіздігіне қажеттіліктен туындағаны да рас.

Бүгінге келсек, бидай өнімділігі жағынан Қазақстан оны өсіретін әлемнің 130 елінің ішінен 109-шы орында. Қазақстан негізінен ақуызға бай, бірақ, салыстырмалы түрде жұмсақ бидай өсіреді. Ашық деректер салыстырмалы бидай сорттары бар елдер арасында қазақстандық бидайдың өнімділігі аздағын көлденең тартады.

Қазақстанның үлесіне әлемдік бидай саудасының шамамен 2 пайызы тиесілі. Соңғы бес жылда бидай экспорты жылына орта есеппен 5 млн.тоннаны құрапты.

Қазақстандық бидайдың негізгі тұтынушысы – ТМД-дағы көршілес мемлекет-

тер. 20 жыл ішінде Қазақстан өз бидайын 72 елге экспорттады. Алайда, тек екі ел тұрақты түрде қазақстандық бидайды сатып алушы. Олар – Өзбекстан мен Тәжікстан. Бұл екі ел жеткізілімдердің 60-70 пайызын құрайды. Тағы жеті ел қазақстандық бидайды салыстырмалы түрде тұрақты түрде сатып алады. Әйткенмен, көлемі аз. Байқағаныңыздай, сұрып – көп, Ақ бидай – жалқы.

**Түйін**

Жоғарыда айтқанымыздай, Ақ бидайға ден қойған аймақта жалғыз адамды ғана білеміз. Ол – ветеринария ғылымдарының кандидаты Шүкірбай Тоқеев. Ақ бидайды іздеп тауып, оны зерттеумен айналысқан да бір өзі. Енді егінге жаңа бетбұрыс ғалымның ізденісін үлкен бастамаға айналдырса дейміз ғой бағяы. «Егіннің маңызды реформасы дегенде Ақ бидай тасада қалмаса екен» деген ойдың қаңғыған күші секілді ұлып жұртқа қайтпасына көңіл сенгісі келеді, әйтеуір.

# Бұқпа арнасы кеңейеді

Қарағандыда үлкен Бұқпа арнасы тазаланып жатыр. Алдағы уақытта саябақ көлін де ретке келтіру жұмыстары жоспарланған. Бұқпа өзенінің арнасы тереңдетіліп, кеңейтіліп, лай, коқыстан аршылады. Бұл судың кедергісіз өтуі үшін аса қажет.

Мердігер ұйыммен кездесуге орталық саябаққа депутаттар, қоғам қайраткерлері мен журналистер шақырылып, жоспар туралы баяндалды. Қазір Бұқар жырау даңғылы мен Қазақстан көшесі жағындағы жерасты коллекторы тазартылуда. Мердігердің айтуынша, су сақиналары 90% бітелген. Оларда тұнба, лай, құм, балласт жиналып қалған. Бәрін қолмен тазарту керек. 20-дан астам жұмыскер жұмылдырылған, барлық қажетті техника бар.

Содан кейін қираған жабын плиталары ауыстырылып, тексеру люктері орнатылады. Көлеге таза су жетіу үшін саябақта суағар-тазарту құрылыстары салынады.

– Сорғылар орнатып, құбырды коллектордың ішіне салып, судың бір бөлігін аламыз. Ол тазартылып, көлге жіберілетін болады, – деді «Гидро құрылыс» ЖШС учаске бастығы Нұрғалы Қалиев.

Бактерияларды жоюға арналған ультракүлгін шамдар да орнатылады. Көктемде күніне 12 мың текше метр су суағар-тазарту құрылыстары арқылы өтеді. Жылына көл көлемінің үштен бірі жапартылуы мүмкін.

Жоба осы жылдың күзінде аяқталады деп жоспарлануда. Осы уақытта жұмысшылар саябақ көлінің коқысын қолмен тазартады.

Өз тілшімізден

**ҚАРАҒАНДЫ**



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

КИЕЛІ МЕКЕН

«ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Талап қыл артық білуге!»



«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 16 003 жас жұмысқа орналасты. Оның ішінде, қоғамдық жұмыстарға – 3 768 адам, жастар тәжірибесіне 1436 мың адам жіберілді.

Сондай-ақ, «Дипломмен ауылға» (626 адам), «Жастар тәжірибесі» (1436 адам), «Жасыл ел» (1413 адам) жобалары арқылы жастарды жұмыспен қамту және жұмыссыздықты азайту жүзеге асырылуда. Облыс әкімінің гранттары 2020 жылы 10 есеге артқан болатын. 100 млн. теңгенің 100 гранты бөлінді. Әрбір грант алушы жұмыспен қамту органдарында тіркелген 2 жұмыссызды жұмысқа орналастырды. Осылайша, жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту бойынша жұмыстар атқарылды. «ZhasProject» жобасы аясында 527 қатысушы жалпы сомасы 155 млн. теңгенің грантын жеңіп алды.

Ал, «Еңбек» бағдарламасының «Жапай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша 251 шағын несие және 484 мемлекеттік грант берілді. Ал, «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығандардың жалпы санының 35%-ы – жастар. Облыста жұмыспен қамту саласында мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалануды түсіндіру бойынша 19-ға жуық ақпараттық топ жұмыс істеді. **Ақнұр НҰРБОЛҚЫЗЫ,** Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті



Бетті дайындаған Аяулым СОВЕТ

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Нұржан ІЛИЯШОВ:

Баспаналы жастардың саны артады

Ұлттық Құрылтайдағы Президент тапсырмасынан кейін жастар үшін жаңа баспалдақтар пайда болды. Әсіресе, баспананы жеңілдікпен беретін бағдарламалар іске қосылғалы үй алғысы келетін жастар көбейді. Алайда, кез келген жеңілдікті займның республикалық және жергілікті бюджетке арқа сүйейтіні белгілі. Осыны ескерген «Отбасы банкте» жастардың өтінішіне аса қатал тәртіппен қарап, үміткерлерді іріктеуге ерекше талап қояуда. Тұрғын үйге кезекке тұруды азайтатын «Қарағанды жастары» бағдарламасы үшінші жыл қатарынан 35 жасқа дейінгі облыс тұрғындарын баспанамен жарылқап жүр. Дегенмен, бағдарламаның кейбір тұстарын түсінбеген жастар баршылық. Бағдарламаға құжат тапсырған жастардың сұранысы бойынша, облыстың Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Нұржан Ағыбайұлына сауал жолдадық.

- Нұржан Ағыбайұлы, «Қарағанды жастары» бағдарламасының қорытындысы қашан шығады? «Отбасы банктің» қарауына қашан жіберіледі?
– Қарағанды қаласы бойынша өтінімдерді қабылдау 3-7 маусым аралығында өткізіледі. Ендігі кезекте конкурстық комиссияның отырысын маусымның аяғына дейін өткізу кезділігі отыр. Кейін «Отбасы банктің» қарауына жіберіледі.
– Жалпы, биыл қанша адам өтініш берді? Үміткерлер саны алдыңғы жылмен салыстырғанда қанша пайызға артты?
– Алдыңғы жылмен салыстырғанда үміткерлер санында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Биыл 700-ден астам өтініш түсті.
– Бағдарламада тұрғылықты мекенжай маңызды ма? Мәселен, «Теміртау жастары» бағдарламасында тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген уақыты кемінде 1 жыл болуы тиіс» деген талап бар. «Қарағанды жастарында» ондай талап бар ма?
– Қарағанды мандары үшін де биыл дәл осындай талап қойылып отыр.
– Мысалы, бағдарламаға ерлі-зайыптылардың бірі – күйеуі өтініш берді делік. Ал, әйелінің атында үй бар. Осы орайда бағдарламадан өтуге қанша пайыз мүмкіндік бар?
– Ережеге сәйкес ерлі-зайыптылардың біреуінің атында соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үй бар болса, бағдарламаға қатыса алмайды.
– Көпшілік жастар «Соңғы 5 жылда атында үй болмаған болуы тиіс» деген талапқа келіспейтінін айтады. Алдағы уақытта осы талапқа өзгерістер енгізілуі мүмкін бе?
– Бағдарлама негізгі мақсаттарының бірі – жас мамандарды, оның ішінде, үйі болмағандарды баспанамен қамтамасыз ету болғандықтан, тиісті ереже енгізілді. Тәжірибеге сүйенсек, үйі бар болғандар, сол үйін басқа біреудің атына тіркей салу арқылы осы тәртіпке бағдарламаға қатысып, мүмкіндікті пайдалана алады. «Соңғы 5 жылда атында үй болмаған болуы тиіс» деген талап осындай тәжірибеден кейін туындап отыр.



«Отбасы банктің» баспасөз қызметі ұсынған мәліметке сүйенсек, биыл «Жас Ғалым» бағдарламасы аясында қарағандылық жастарға сомасы 416 287 990 теңгеге 23 несие берілген.

- Өтініш берген адам бұрынсоңды несие бойынша «қара тізімде» болса, несие тарихы қаншалықты ескеріледі? Жалпы, бағдарламада үміткерлердің несие тарихы қарала ма?
– Иә, несие тарихы ескеріледі. Ол автоматтандырылған жүйеден өтеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кем дегенде үш ай бұрын барлық бәсекестерін толығымен жапқан болса, онда оның несиелік тарихы қалыпты болып шығады. Бірақ кей кезде үш айдың өзі жеткіліксіз болуы мүмкін, яғни, оны жүйе есептейді. Осындай жағдай орын алғанда бір-екі анықтамаларды тапсыру қажет болуы мүмкін.
– Іріктеу кезінде негізгі өлшемшарттар – еңбек өтілі, бала саны және әлеуметтік осал санаттарға кіру маңызды. Бағдарламада үміткерлерге ұнай қосылмады» деген талап бар. Мамандар «Баласы барларға көбірек ұнай беріледі» делі. Естуімізше, 1 баласы барға – 2 ұпай беріледі...
– Өлшемшарттарға келетін болсақ, қатысушыларды іріктеу ең жоғары балдан ең төменгі балға есептеуді пайдалана отырып жүргізілетін болады. Осы орайда таңдалған саладағы жұмыс өтілінің толық 1 жылы үшін – 2 балл, өтініш берушіде немесе жұбайында 1, 2, 3 топтағы немесе мүгедек балаларының болуы – 2 балл болып есептеледі. Егер бірнеше отбасы мүшелерінде мүгедектік болса, әр мүгедекке балл беріледі. Бала болған жағдайда 2 балл (әр бала үшін) беріледі. Қатысушылар бірдей ұпай жинаған жағдайда, жасы үлкен қатысушы артықшылыққа ие болады.
– Бойдақтар мен отбасылы үміткерлердің бағдарламаға қатысу мүмкіндігінде қандай айырмашылық бар?
– Атап өткендей, отбасылы үміткерлердің бойдақтарға қарағанда мүмкіндігі көп. Бұл тұрғыда отбасы құрғандарға артықшылық берілетін секілді болып көрінуі мүмкін. Алайда, бұған отбасы құруға итермелейтін қолдаудың бір түрі ретінде назар аударуымыз қажет. Қоғамға пайдаланып тұрған отбасының қорғалуы үшін тиісті заңдарды қабылдау қажет.
– Келесі жылы бағдарламаның талаптары өзгеруі мүмкін бе?
– Талаптар өзгеруі мүмкін. Алайда, қандай жағдай болса да, жастардың сұранысы бірінші орында.
– Әңгіменізге рахмет!
Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ

Оқу орындарында Әуе толқынында – «Buketov Radio»

Студенттік «Buketov Radio» 2021 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің бас ғимаратында ашылды. Биыл студенттер сұрауы бойынша филология факультетінің 85 жылдығына орай, университет ректоры – Нұрлан Дулатбеков радионы №8 ғимаратқа ауыстырды.



Білім алушылар мен жас журналистер үшін радионың орны ерекше. Сабақ уақытынан тыс, қоңырау кезінде студенттер күнделікті университет жаңалықтарынан хабардар бола отырып, әсем ән тыңдай алады. Жас журналистер үшін алғашқы тәжірибелерін танытуда радио студиясының маңызы зор. Оқу орасына келген құрметті қонақтармен сұхбат жүргізу, ұстаздармен тың тақырыптарда әңгіме өрбітумен қатар креативті идеяларын жүзеге асырады.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары адамның тұлғалық және кәсіби дамуына үлкен ықпал ететін тиімділігі жоғары әлеуметтік институттар болып табылады. Сондай ақпарат құралдарының бірі – студенттік радио. Университетімізде BUKETOV радиосының жұмыс істеп тұрғанына 3 жыл болды. Бұл – Қарағанды облысындағы алғашқы форматты студенттік радио. Студенттік радио әркім өз көзқарасын білдіретін, ойымен бөлісетін, өмірлік ұстанымын қалыптастыратын, университет студенттерін біріктіретін медиа алаңға айналды, – деді журналистика кафедрасының меңгерушісі Жанар Рамазанова.

Осы уақытқа дейін студияда бірнеше танымал жандармен сұхбат өтті. Алғашқы қонақ оқу ордамыздың ректоры – Нұрлан Дулатбеков. Сондай-ақ, әнші – Максим Ержан, Франция еліне аты танымал суретші – Алмагүл Мендібаева, веломорофоншы Ернат Мелсулы сынды тұлғалармен, әңгіме өрбітіп, оқу ордамыздың белсенді студенттері, Парламент депутаттарымен сұхбат жүргізілді.

Ақнұр МАРАТ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті

ТАҒЫЛЫМДАМА

«Болашақ»: екі пікір, екі ұдай

«Түрлі кәсіпорындарда болдым, кәсіпте, өндірісте жұмыс істеп жүрген «Болашақтың» бір түлегін көрген емеспін. Оқып алды, өз қалағанына қол жеткізді, бірақ, мемлекет ешқандай пайда көрген жоқ. Мен бұл бағдарлама қажет емес деп санаймын», – деген еді Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова.

Осы орайда қоғамда пікір екіге бөлінгені рас. Алайда, «Болашақ» арқылы тағылымдамадан өткен қарағандылық түлектер пікірі басқа.



Жанар АХМЕТЖАНОВА, «Болашақ» қауымдастығының мүшесі, Қарағанды зерттеу университетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

бемді студенттер, магистранттармен бөлісіп, оларды да шетелден тәжірибе алмасуға талаптандырып, септігімді тигізем деймін. Бағдарламаның оқытушы-профессорларға шетелдік тәжірибе алмасу мақсатында тигізер пайдасы зор. Жанарылған білім жүйесі біртұтас жалпы – еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісіндегі Болон жүйесіне негізделген. Сондықтан, жастарға шетелдік тәжірибе аса қажет. Тағылымдама – білім көкжиегін кеңейтетін үлкен мүмкіндік.

– Кейінгі кездері ерекше білімді қажет ететін балалардың саны көбейіп, осы салаға қызығушылығым артты. Сондықтан, 2022 жылы халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен Ресейдегі М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің педагогика факультетінде ғылыми тағылымдамадан өттім. Білімді толықтыруға үлкен септігін тигізді. Қазіргі таңда алған тәжіри-



Қарлығаш АҚЫЛБЕКОВА, ағылшын тілі пәні мұғалімі:

ма барысында мен танып үлгерген ондаған түлектер, қазіргі таңда Қазақстанның дамуына үлес қосуда. Бағдарлама қарапайым отбасынан шыққан жастарға мүмкіндік беріп, әлемді тануға, ғылымды нығайтуға, дамыған елдердің оқу жүйесін түсінуге ықпал етті. Шет елде оқу жылдарында білікті адамдарды жолықтырып, Англияның оқу жүйесіне қанықтым. Ағылшын тілін жетік меңгердім. Бағдарламада ауыл жастарына арнайы жеңілдік бар. Қазіргі күнде де маңызы жоғалған жоқ. Елімізге әлі де болса, халықаралық деңгейде білім алған ғалым, дәрігер, ұстаз, инженерлер керек. Назерке МӘДІҚЫЗЫ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті.

– 2015-2016 жылы «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Бирмингем қаласында «The University of Birmingham» университетінде «Ағылшын тілі және қолданбалы лингвистика» мамандығы бойынша магистратура оқыдым. Елге оралғаннан кейін 2016 жылы ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмысымды жалғастырдым. «Болашақ» бағдарламасы жастарға оқу мен кәсіби мүмкіндік беріп, жан-жақты дамыған тұлға ретінде өсуіне септігін тигізуде. Бағдарла-

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Жасанды интеллектіні жатсынбайтын жөні бар

Заманауи білім оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Өзгерістің негізгі факторларының бірі – онлайн платформалар мен қашықтан оқыту курстары арқылы білім алу. Coursera, edX және Khan Academy платформалары – әлемдегі жетекші университеттер мен сарапшылардың білім беру материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазір жасөспірімдер жиі қолданатын ChatGPT, яғни, жасанды интеллект (AI) мектеп оқушылары мен студенттер, тіпті, мұғалімдер үшін тиімді платформаға айналды. Бұл платформа арқылы кез келген уақытта білім беру ресурстарына, оқу жоспарын жобалау материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік бар. Жасанды интеллект оқушының жеке жетістіктерін талдап, сабақтарды ұсына алады. Бұл оларға материалды өздеріне ыңғайлы қарқынмен түсінуге көмектеседі. Технология-

ның білім жүйесінде жасанды интеллекттен бөлек, Google Classroom, Microsoft Teams сияқты бірлескен оқыту платформалары студенттерге жобаларды бірге орындауға, идеялармен бөлісуге және нақты бір уақытта кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Білім беру аясында жаңа технологиялардың пайдасы зор болғанымен, қауіп қатері, қиындықтары аз емес. Мысалы, онлайн платформаларды

пайдалану арқылы кибершабуылдар мен деректердің таралып кету қаупі бар. Білім беруде жасанды интеллектті қолдану – деректердің құпия-



лылығы, этика және әділеттілік мәселелерін көтереді. Кемсітушілік пен бейтараптық мәселесін болдырмау үшін оқушылардың жеке дерек-

терін қорғауды және AI алгоритмдерін қамтамасыз ету маңызды. Мұның бәрі білім берудің болашағы инновациялар мен технологиялармен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Жаңа оқу құралдарын түсіну және пайдалану – дамып келе жатқан цифрлық әлемде табысты болудың кілті. Назерке ҚУАНЫШ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті





